

«Жігерген» бөбекжай балабақшасы

***Балалардың сенсорлық
тәжірибесін байыту және
қалыптастыру***

Тәрбиеші: Мырзакулова Гулімхан



2018 жыл

Негізгі бөлім

Саусақ ойыны - бұл ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан, әрі үлкен мәні бар мәдени шығармашылық.

Саусақ ойыны - саусақтардың көмегімен қандай да болмасын ертегіні немесе өлең-тақпақ шумағын сахналау болып табылады. Саусақ ойыны арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады және шығармашылық әрекетіне жол ашады. Саусақ ойынын ойнай отырып, балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан-жануарларды, құстарды және ағаштарды бейнелей алады.

Саусақтарының қозғалыс - қимылына қарап бала қуанады, шаттанады, сөзді айтуға тырысады және өлеңдегі үйренген сөз шумақтарын қайталап айта отырып, есінде сақтайтын болады. Сонымен қатар балалар екі қолын қимылдата отырып, оң, сол, жоғары, төмен т.б. түсініктерді бағдарлай алуды үйренеді. Ал тіл кемістігі кездесетін балалардың жалпы қимылдары, соның ішінде саусақ бұлшық етінің қимылдары жеткілікті деңгейде дамымайды. Сөйлеу тілі мүшелері әрекетінің қозғалуларының дамуы қол саусақтарының нәзік қимылдарының дамуымен тығыз байланыста болғандықтан, бала қолының ептілігін толық жетілдіру, түзету- тәрбие жұмысын жүйелі жүргізуді қалайды. Саусақ ойынын балабақшада және үй жағдайында әсерлі, көңілді түрде ұйымдастыруға болады. Алдымен балаларға саусақ ойыны түсіндіріледі, әр қимылы көрсетіледі.

«Саусақтар сәлемдеседі» ойыны.

Мұнда бас бармақ ұшы әр саусақтың ұшымен кезекпен түйіседі. «Адамдар келеді». Оң қолдың сұқ саусағы мен ортаңғы саусақтарын жүгірген тәрізді етіп

қимылдатады. Сонымен бірге халық арасында кеңінен тарап жүрген «Қуырмаш» ойыны да саусақтардың нәзік қимылын жетілдіруге бағытталған. Балалар осындай саусақ ойынын ойнай отырып, өлең шумағын қызыға айтады.

Ойын «Моншақ».

Қызыл-сары көк моншақ.

Мен жасаймын көп моншақ.

Мұнда қатар екі қолдың бас бармағымен сұқ саусақтарының ұшын түйістіре отырып, моншақ тәрізді бейнелейді, әрі оларды тізбектеп жасау балалар үшін өте қызықты әрекет, әрі қол бұлшық етін дамытуға үлкен көмегін тигізеді. Сонымен саусақ ойындарын жүргізу арқылы балалардың саусақтарының нәзік қимылдары мен бұлшық еттерінің жетілуімен бірге, олардың сөйлеу тілі мен ойлау қабілеттері дамиды болады және кейін жазу шеберлігін ойдағыдай меңгеруіне дайындайды.

«Салат» саусақ ойыны

Сәбізді алып тазалаймыз (оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды)

Үккішпен үгіп майдалаймыз (екі қолды жұдырыққа түйіп кеудеге ұстап, жоғары-төмен қозғайды).

Қанттан сеуіп дәмдейміз (саусақтардың ұшымен қант себеді)

Міне дайын нәр тағам (екі қолын алдына жайып көрсетеді).

Дәруменге байыған (алақанымен іштерін сипалап, тойғандықтарын көрсетеді).

«Кірпі» жаттығуы

Момақанмын алайда (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады)

Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын

айқастырып, кірпінің тікенектері жасайды).

Кіріп кетсе қолыңа,
Өкпелеме жарайма!

«Достық» жаттығуы

Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос (қолдың
саусақтары өзара бірігеді)


Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз (екі
қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу)

Бір, екі, үш, төрт, бес... (шынашақтан бастап,
саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу)

Қайтадан санауды бастаймыз.

Бір, екі, үш, төрт, бес..

Енді санауды аяқтадық (қолды төмен түсіреміз,
демалтамыз).



**Саусақ
ойындарының
нәтижесі**

**Танымдық
деңгейі
артады**

**Логикалық
ойлауы
дамиды**

**Икемділігі
артады**

**Қимыл
қозғалтқыштары
артады**

**Баланың
сөйлеу тілі
жетілуі**

Сөйлейтін саусақтар



Егістікте үйшік тұр,
Оған барар жол жабық,
Айқара ашып қақпаны,
Шакырамыз қонаққа.


Санамак

Бес саусак

Бас бармағы — ата-анан,
Үлкендерден бата алган.
Аман жүрсө калкайып,
Қалмас елден, қап ардан.
Балан үйрек — бауырын,
Ақыл қосар қауымын.
Қысылғанда болысып,
Берер сонғы тауығын
Орган терек — нағашын,
Сол үйде өскен анашың.
Қамқор болып жүреді,
Еркелеп те аласын.
Аты жоқ саусак — достарын,
Жаксы болса қостағын.
Жаман мінез көрсетсе,
Қатарына қоспағын.
Кіші бөбек — білімін,
Терен болсын ілімін.
“Ұлық болсан — кішік бол”,
Дей көрмегін: ірімін.

Қуырмаш

Бала, бала балакан
Кане, қайсы алакан.
Саусактарын әйбәт,
Былай былай ойнап
Мына жерде май бар,
Мына жерде шай бар.
Мына жерде аю бар,
Мына жерде түлкі бар,
Мына жерде күлкі бар.



Әдіс - тәсілдер

Саусақ ойындары

Қолдың бұлшық еттеріне арналған массаж

Сергіту жаттығулары

Саусақ театры

Дәстүрден тыс бейнелеу әрекеті:

Дәстүрден тыс сурет салу (мөрлермен, саусақпен, алақанмен, макта таяқшалармен, істіктермен, паролонмен, дымкыл қағазға, мыжылған қағазға сурет салу)

Мүсіндеу әрекеті (табиғи материалдарды қолданып, ермексазбен, тұзды қамырмен мүсіндеу).

Құрастыру (дәстүрден тыс материалдармен жұмыс істеу, лего конструкторымен жұмыс)

Әр түрлі аппликацияның түрлері (жырту тәсілі, умаждау)

Айналдырып сызу, штрихтау, бояу

Дидактикалық ойындар

М. Монтессори баулықтары

Ұсақ заттармен, ойыншықтармен ойындар

Пазлы, мозайка т.б.



Мақсаты:

«Сенсорлық мәдениет» ұғымы мектепке дейінгі педагогикаға М.Монтессоридің жұмыстарының арқасында енді. Бірақ, ол мұндай мәдениетке қол жеткізу үшін баланың сезім мүшелерін заттардың түсін, көлемін, пішінін ажыра білуге жаттықтырып отыру жеткілікті деп санаған. Мұндай көзқарас қате еді, ол баланың дамуы түбегейлі жануарлар

баласының дамуынан айырмашылығы барын ескермеді. Баланың сенсорлық мәдениеті – адамзат жасаған (заттардың түсі, пішіні туралы жалпыға ортақ қабылдаулар) сенсорлық мәдениетті меңгеру нәтижесі.

Бала өмірде де заттардың алуан түрлі пішіндері, түстері және басқа қасиеттерімен, әсіресе ойыншықтар және тұрмыстық заттармен кездеседі. Ол өнер туындыларымен де танысады: музыка, жазба өнері, скульптура. Әр бала мақсатты бағытталған тәрбиелеусіз осының бәрін қабылдайды. Бірақ егер меңгеру ересектердің педагогикалық басшылығынсыз өзінен өзі болса, ол үстіртін, толыққанды емес болады.

Қорытынды

Қорыта келгенде ұсынылған жүйе көмегімен жүзеге асырылатын сенсорлық тәрбиелеудің әрекеттің өнімді түрлеріне оқыту (сурет салу, т.б.) кезінде жүргізілетін сенсорлық тәрбиелеумен байланысы туралы мәселе маңызды болып табылады. Әрекеттің өнімді түрлері баланың үш жасында қалыптаса бастайды, бірақ осы жаста оқыту маңызды орын алмайды. Сондықтан ерте жастағы балаларға өнімді әрекетті және сенсорлық тәрбиелеу бойынша дидактикалық ойындар мен жаттығуларды шектеудің мағынасы жоқ.